

ӘОЖ 327

ЕУРОПАДАҒЫ СЕПАРАТИЗМ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Сомжүрек Еңлікгүл Баубекқызы

yenlik18@mail.ru

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»
кафедрасының 3 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Сепаратизм мәселесі ертеден бастап-ақ әлемдегі ең басты мәселелердің бірі болып саналған. Біз сепаратизмді белгілі бір халықтың мемлекеттен бөліну әрекеті деп түсінеміз. Ең сорақысы, осы мәселеден ғаламшарымыздағы бір мемлекет те сақтандырылмаған.

Қазіргі күні сепаратизм тек кедей мемлекеттердің проблемасы деген ой тумауы керек. Әрине, әлеуметтік, экономикалық, институттық және басқа индикаторлар бойынша кедей елдердің конфликтке ұшырау ықтималдығы жоғары. Сепаратизм дамыған мемлекетте де, дамымаған мемлекетте де өршіп кетуі әбден мүмкін. Көп этнос бар жерде тартыс бар және де бұл - заңды құбылыс болып саналады.

Қоғам мен үкіметтің басты мақсаты - этностардың арасындағы шиеленістердің деструктивті бағытқа ойысып кетуіне жол бермеу және осы этностардың арасындағы жақсы қарым-қатынастарды ұлғайту. Сепаратизм территориялық қақтығыс тудыратын факторлардың бірі болып саналғандықтан, әр мемлекет онымен күресті қатаң бақылауға алып,


уысынан шығармай ұстауға тырысады. Сепаратистер белгілі бір саяси топтарды өздері өмір сүріп отырған мемлекеттен жеке мемлекет ретінде бөлініп шығуға немесе сол елге тиесілі жерді басқа бір мемлекетке қосуға ұмтылады. Осының нәтижесінде, мемлекеттің ішінде көтерілістер мен төңкерістер басталады, онымен қоса лаңкестік, экстремистік қозғалыстар күшіне енеді.

Сепаратизм (бөліну) мәселесі этносаяси, геосаяси және конфликтологиялық зерттеулер саласындағы ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады, ең алдымен бұл мемлекеттің бөлінуі немесе жойылуы мәселесімен тікелей байланысты. Мәселен Шығыс Еуропадағы коммунистік режимдердің күйреуінен (Чехословакия мен Югославияның күйреуі, ГДР жойылуы және т.б.) кейін қалыптасқан жағдайға байланысты әлеуметтік ғылымдарды зерттеудің алдыңғы қатарына шықты[1].

Кесте 1. Еуропадағы сепаратисттік қозғалыстар

Мемлекет	Сепаратисттік сезімдер бар аймақтар
Бельгия	Фламанд аймағы, Валлон аймағы
Босния мен Герцеговина	Серб Республикасы
Ұлыбритания	Солтүстік Ирландия, Шотландия, Уэльс, Мэн аралы
Германия	Бавария, Алемания
Грузия	Абхазия, Оңтүстік Осетия
Дания	Фарер, Гренландия аралдары
Испания	Баскония, Каталония, Валенсийская страна, Балеар аралдары, Галисия, Андалусия, Арагон, Астурий княздығы, Кантабрия
Италия	Фриули-Венеция-Джулия, Сардиния, Сицилия, Трентино-Альто-Адидже, Валлед'Аоста, Венето, Падания
Кипр	Солтүстік Кипрдің Түрік Республикасы
Литва	Жемайтия
Модавия	Приднестровье
Норвегия	Лапландия Үстінгі Силезия, Трансильвания
Польша	Үстінгі Силезия, Трансильвания
Румыния	Секей аймағы
Сербия	Косово Республикасы
Турция	Күрдстан
Финляндия	Аланд аралдары
Франция	Баск, Корсика
Хорватия	Республика Сербская Краина
Чехия	Моравия
Швейцария	Юра
Швеция	Лапландия

Инфографика. Еуропадағы сепаратисттік қозғалыстар. Автор: Антон Девятов



Инфографикада екі негізгі түстер қолданылған: көк және қызғылт. Көк түс метрополияны және оның этникалық ерекшеліктерін, ал қызғылт сепаратистік аймақ пен оның сипаттамаларын көрсетеді. Түс қаншалықты қызғылт болса, соғұрлым сепаратизмнің ошағы күшті.

Қазіргі таңда, Еуропаның көптеген дамушы елдерінде сепаратизм кең етек жайған. Батыс Еуропа - әлемнің халқы тығыз және урбанизациясы жоғары бөлігі. Оның аумағында 43 мемлекет орналасқан, 70-ке жуық этнос өз мәдениетін дамытады. Мемлекеттердің басым көпшілігінің тұрғындарының құрамы көпұлтты. Басқа елдерде айқын моноэтникалыққа қарамастан, халық біртекті емес. Италия, Испания, Бельгия, Ұлыбритания, Франция мемлекеттеріндегі жағдайлар бұған дәлел. Еуропада Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін-ақ ұлттық мемлекеттер құрылды және олардың шекаралары этностардың шекараларымен көбіне сәйкес келді. Сондықтан, Батыс Еуропада тұрақсыздыққа себепкер болып отырған екі ғана аймақ бар, олар-Солтүстік Ирландиядағы Ольстер аймағы мен Испанияның солтүстігіндегі баскілер мекені. Солтүстік Ирландиядағы конфликт сепаратизмнің жарқын мысалы бола алады, өйткені Ұлыбритания корольдігінің қоластына өткен Ольстер халқының бір тобы көршілес жатқан Ирландияға қосылып, тарихи әділдікті қалпына келтіру керек деп санайды. Испания мен Франция аймағын жайлаған баскілер осы екі елдің қоластында қалған жерлерін біріктіріп, тәуелсіз мемлекет құруды көксейді. Бұл аймақтардағы халық тұрмысының жоғарылығынан сепаратистік ұлтшыл топтар халық арасынан қолдау таба алмады. Сондықтан олар террор әдісін қолдануды ұйғарды. Бұл мәселелер әлі күнге дейін шешілмеген мәселелер күйінде қалып отыр.

Италияның солтүстік бөлігін бөліп алу әрекеттері тек экономикалық себептерге байланысты болды. Өнеркәсіп пен банк секторының арқасында елдің солтүстігі Ломбардия, Пьемонт, Лигурия, Венето, Эмилия-Романья және басқа аймақтарымен Италияның ЖІӨ-не айтарлықтай үлес қосады. Жергілікті тұрғындардың көпшілігі өздерінің қиыншылықпен тапқан ақшалары орталық және оңтүстік аймақтарды ысырап етеді деп санайды. Сонау 90-шы жылдары Солтүстік партия лигасы - Lega Nord - Италияның Падания деп аталатын осы бөлігін (итальяндық «пианура падана» - Падан жазығы) толық бөлуге ұмтылды. Бүгінгі таңда партияның талаптары біршама байсалды бола бастады: табысты солтүстік аймақтар Италиядағы ұзаққа созылған экономикалық дағдарыстың салдарын өтеу үшін барлығын

мемлекеттік бюджетке аудармай, кірістерінің 75 пайызын өздері басқаруы керек деген ойға келді[2].

Шотландияның Англиямен саяси және экономикалық одағының құрылғанына 300 жылдан асқанына қарамастан, шотландтар әрқашан үлкен тәуелсіздікке ұмтылғаны келген. Олардың өз парламенті бар, бірақ Шотландия үкіметі толық автономия алғысы келеді. Сонымен бірге, шотландиялықтардың 55 пайызы 2014 жылы тәуелсіздік туралы референдумда Ұлыбританияның бөлінуіне қарсы дауыс берген. Сепаратизм рухы Ұлыбританияның ЕО-дан шығуы туралы 2016 жылғы маусымдағы референдумнан кейін қайта жанданды. Содан кейін Шотландия тұрғындарының 62 пайызы, Англия мен Уэльс тұрғындарынан айырмашылығы, Brexit-ті қолдамады. Шотландия ұлттық партиясының (SNP) ұлтшылдары Шотландияның ЕО-ға мүшелігін және Еуропаның ішкі нарығын сақтау үшін аймақтың тәуелсіздігі туралы референдум идеясына оралды[2].

Серб Республикасы 1992 жылы Босния мен Герцеговина аумағында тәуелсіздік жариялады. Бұл Босния мен Герцеговинаның Югославиядан бөлінуге деген ұмтылысына жауап болды. 1992-1995 жылдар аралығында республика Босния соғысына қатысты. Нәтижесінде Дейтон келісімі болды. Соған сәйкес Серб Республикасы Босния мен Герцеговинаның федеративті мемлекетінің субъектісіне айналды. Босниялық сербтер де бүгінде тәуелсіздікті қолдайды. 2008 жылғы қарарында парламент БҰҰ мен ЕО елдерінің көпшілігі Косовоның тәуелсіздігін мойындаса, олар Босния мен Герцеговинадан бөлінуі мүмкін екенін айтты[3].

Оңтүстік Осетия аймағы 1990 жылға дейін Грузия КСР-нің құрамында болды. Келесі жылы ол Грузиядан тәуелсіздігін жариялады. 1992-2008 жылдар аралығында Оңтүстік Осетия іс жүзінде тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрді. 2008 жылғы тамыздағы Грузия мен екінші жағынан Оңтүстік Осетия, Абхазия және Ресей арасындағы қарулы қақтығыстан кейін Ресей Федерациясы және басқа бірнеше мемлекет Оңтүстік Осетия мен Абхазияның тәуелсіздігін мойындады. Грузия осы республикаларды өзінің территориясы деп санайды[3].

Татарстан, Шешенстанға қарағанда, қарулы қақтығыс жолымен жүрмеді. Бірақ бір кездері де осы аймақта өте күшті сепаратистік тенденциялар болған. Мысалы, олар РСФСР-ден де, Ресей Федерациясынан да бөлінуге тырысты. 1990 жылы олар ұлттық егемендік туралы декларация қабылдады, содан кейін ТМД-ға толыққанды құрылым ретінде кіруге тырысты. 1992 жылы Конституция қабылданды, онда Татарстанның КСРО, РСФСР және Ресей Федерациясының құрамында болғандығы туралы ештеңе айтылмаған. 1994 жылы Татарстан федерация құрамында бола отырып, Ресеймен федералды келісімшартқа қол қойды. Осыған қарамастан, бүгінде де бұл жерде сепаратизмге топырақ бар. Бұл автономиялық республика. Татар тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік тіл болып саналады. Халықтың басым бөлігі - мұсылмандар. Сонымен бірге ең ірі мұнай кен орындарының бірі республикада орналасқан, ал федерацияның басқа субъектілері аясында Татарстан экономикалық жағынан гүлденген аймақ сияқты көрінеді[3].

Бельгия құрамындағы Фландрия провинциясы елдің өзге өңірлеріне ұқсамайды. Мәселен, Фландрия жұрты нидерланд тілінде, Валлония француз және неміс тілінде сөйлейді. Ал ел астанасы Брюссель көшелерін жаяу араласаңыз, тұрғындардың басым бөлігі французша тілдескенді жөн көреді. Бельгияда әр провинцияның өз парламенті, өз үкіметі бар. 2014 жылы Фландриядағы жергілікті сайлауда «Жаңа фламандық альянс» ұлттық партиясы жеңіске жетті. Оның жетекшісі Барт де Вевердің пікірінше, Бельгияның біртұтас мемлекет ретінде болашағы жоқ. Алайда жер көлемі бар-жоғы 30 мың шақырым болатын елдің (Солтүстік Қазақстан облысының аумағына 3 Бельгия сыйып кетеді) тарап кетуіне Еуропа елдері жол бере қоюы екіталай. Себебі Бельгияның бас қаласы Брюссельде Еуроодақ, НАТО және басқа да халықаралық ұйымдардың штаб-пәтерлері орналасқан. Мұндай стратегиялық маңызды шаһар елсіз қала қоймас.

Қорыта келе, әлемде сепаратистік тенденциялардың өршіп тұрғаны бәрімізге мәлім. Әрине, бір жағынан, жоғары айтылған Еуропа мемлекеттерінің сепаратистік мәселелері сол

елдің ішкі ісі. Басқа жағынан, әлемдік қауымдастық сепаратизм адамдардың қырылмауына және сұрақтарды бейбіт түрінде шешілуіне ат салысу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зонова Т.В. От Европы государств к Европе регионов? // Полис. — 1999. — № 5. — С. 56–60.
2. Не только Каталония: какие регионы в Западной Европе хотят независимости? / [Электрондық ресурс] URL: <https://p.dw.com/p/2l9po>
3. Не хотим жить вместе. Какие регионы в Европе и на постсоветском пространстве хотят отделиться / [Электрондық ресурс] URL: <https://news.tut.by/politics/415976.html?c>